

**Целиноград аудандық мәслихатының 2013 жылғы 12 қыркүйектегі № 142/20-5 " Целиноград ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 мамырдағы № 29/3-6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 6 маусымда № 5409 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2017 жылғы 23 қазандағы № 146/20-6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 23.10.2017 № 146/20-6 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен. РҚАО - ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына сәйкес Целиноград аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Целиноград аудандық мәслихатының "Целиноград ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 12 қыркүйектегі № 142/20-5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3824 болып тіркелген, 2013 жылғы 11 қазанда " Ақмол ақпараты", "Вести Акмола" аудандық газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін: көрсетілген шешіммен бекітілген Целиноград ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) уәкілетті ұйым – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы

бойынша филиалы – "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы"  
департаменті Целиноград аудандық бөлімшесі";  
21-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Целиноград аудандық мәслихаты  
сессиясының төрағасы*

*А.Веровкин*

*Целиноград аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Б.Жанбаев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Целиноград ауданының әкімі*

*М.Тәткеев*

17.05.2016

*"Целиноград ауданының жұмыспен  
қамту және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
басшысы*

*Р.Ғабдуллина*

17.05.2016